

**ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ ТАМАША!**

Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Әр маусымның өзіне тән қызығы мен сейіл-серуені бар. Соның ішінде қыс мезгілі де өзіндік кіршіксіз аппақ қарымен, қаһарлы мінезімен, сықырлаған аязымен ерекше. Бұл мезгілде адамдар табиғаттың құпиясын, ерекше бір ұмытылмас сәттерін

тамашалайды. Қара жердің бетін басқан аққұба ару сияқты үлпілдеген ақ ұлпа қар айналаға сән бергендей. Әркім бұл мезгілді асыға күтетіні рас. Бірі шаналарын арқалап, биік жоталарға, таулы қыраттарға бет түзейді. Дала төсінде қолдан сырғанақ жасайтын қызықты кездерде өз алдына бір бөлек әңгіме. Қолдарына шана сүйреген балалар, жүздері күлкіге толы адамдар барлығы бейне бір қыстың суығын емес, оның жылы нұрын, ыстық тартар сәулесін тауып алғандай қуанады. Даланың табиғаты тып-тыныш қалпынан, маужыраған күйінен серпіле түскендей күйде. Алатаудың сілемдері мен биік жоталарындағы қыс көріністері көздің жауын алады. Басында қашанда қар жататын қарт Алатау ару Алматының көркіне көрік қосып тұрғандай көрінеді. Ақындар жырға қосқан, әншілер әнге қосқан Алатау қыс мезгілінде ерекше сұлу ғой, шіркін! Қыс мезгілін тағы да асыға күтуіміздің бір себебі - Жаңа жыл. Бұл мейрамды балалар асыға күтетіні анық. Бүлдіршіндер аппақ қардан аққала жасап, шырша безендіріп, аяз ата мен ақша қарды көруге асығады. Барлығы ақ тілектерін білдіріп, сыйлықтарын береді. Қылышын сүйретіп жеткен қаһарлы қыстың бізге берер қызығы мен қуанышы көп. Осындай естен кетпес оқиғаларға толы қыс мезгілін керемет деуге толық негіз бар. Қыстың ғажайып ұмытылмас шақтары адам жанына шуағын шашып, нұрын төге түскендей, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Бұл шығарылымда:

2020

1-БЕТ**ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ ТАМАША!**

Ұлы ақын жазушылардың қыс мезгіліне арнаған өлеңдері.

2-БЕТ**БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ****3-БЕТ**

Психологиялық сабақ
Кітапхана тынысы

4-БЕТ

«Көңілді қыс!» сурет
бәйгесі

**ҚЫС**

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Көрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүрген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымыс қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды...

АБАЙ

Ақ қыс

Ақ қолғап пен құшақтап
Сақылдайды қыс аптақ,
Өзен теңіз тау - төбе -
Тегіс аптақ сәукеле.
Жәтпіздер жосылған
Рояльдің басылған
Ақ тіліне ұқсап қап...
Ақ қыс - сұлу ақ өлең
Табанымның астында
Таңғажайып ақ әлем
Сырласады сырласаң,
Қырға асады қырға ассаң,
Аптақ әуен сықырлап,
Жырлағалы тұр бассаң.

Жанарынан жаз бүркіп
Тұр қыс күні сүйкімді.
Ояңбасаң мәжбүр қып
Ашпұғын ұйқыңды.
Құлақ күйін оң бұрап,
Төнеді аспан төбемнен.
Аптақ қардан оңбылап
Көктем іздеп келемнен.

Т. Айбергенов

**Қырдағы қыс**

Түнімен долы дауыл құрыстаған
секілді арыстандай жыны ұстаған.
Жамылып ақ көрпесін енді ғана
маужырап байтақ дала тыныстаған.
Қалыпты қарауылда жыңғыл, құрақ,
Іліп ап ақ мамықтан бір-бір тұмақ.
Мәз болып жас баладай, айналаға
қарайды әр бұтадан күн жылтырап.

ФАРИЗА ОҒАРСЫНОВА



БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



«Менің қысқы демалысым»

Менің қысқы демалысым басқа демалыстарға қарағанда, ерекше көңілді және қызықты өтті. Неге десеңіз қысқы демалыс жаңа жыл мерекесімен тұспа - тұс келді. Аяз ата өмірде жоқ екенін білсемде, оған хат жазуды бұйырдым. Демалысқа шыққан күні қолыма қалам алып аяз атаға хат жазып, үйдегі шыршаның жанына қойдым. Хатымда аяз атадан отбасымның амандығын тілеп, осы жылы сабағымды жақсы оқығанымды, тәртіпті болғанымды жазып сыйлық сыйлауын сұрадым. Жаңа жыл күні ұйқыдан тұрсам, шырша астында тұрған сыйлығымды көргенде, қатты қуандым. Демалыста отбасыммен ойын-сауық орталықтарына, кинотеатрға, бассейнге бардым. Осындай көңілді де қызықты демалыс өткізуіне ат салысқан ата-анама ризашылығым шексіз.

4 «Б» Саят Әлихан

Сынып жетекшісі: Н.Р.Хамзина

Қысқы сиқыр

Қыс...

Жерді ақ кілем басқандай, Ормандағы ағаштар аппақ киім киді. Ақырын да қар жауа бастады. Қардың ұшқыны сиқырлы сияқты болып көрінеді. Анау жерде адамдардың ізі жатыр. Білемін, анау таудың артында үлкен ауыл бар. Сол ауылдың адамдары еңбектеніп су мен тамақ үшін мына жерге келіп тұрады.

Аспанда ойнап жүргендей қар ұшқындары ұшып жүр. Ол ақырын қалықтап келіп адамдардың үсті басына қонып жатыр. Қары соңы қатты желмен боранға ұласты. Адамдар бораннан ығысып, жылдамырақ жүре бастады. Боран олардың артынан итере бастады. Беттеріне қардың түйіршіліктерін жіберді. Ашық аспан лезде ашуланып, түтігіп дала қаһарлана қалды.

4 «А» Ахметзәки Амина Сынып жетекшісі: А.М.Ақмағамбетова

Қыс

Құзден кейін қыс түседі. Қыста көп мерекелер өтеді. Қыс айлары өте суық, әрі аяз болады. Қыста Жаңа Жылды тойлаймыз. Шырша болады, қысқы каникул басталады. Жаңа Жылды балалар үнемі тосады. Қыста қатты боран соғып, күн аяз болады. Қатты жел күшейіп, бұрқасын соғады. Таулы аймақтарда қар көшкіні болады. Алыс аудандарда жол жабылады. Оны трактормен тазалайды. Қыста балаларға өте қызық. Олар шаңғы, коньки, шана тебеді. Балалар қар лақтырып ойнап, аққала жасайды және қардан сырғанақ істейді. Қыста өте қызық!

4 «Ә» Тлеукең Самира
Сынып жетекшісі: А.Т.Қаймолла

**Жел ысқырықтай
ысқырды,
Жапалақтап қар жауды.
Аяз өрнек салыпты,
Бетімізді аяз шалыпты.**

**Қылышын қыс сүйретіп,
Боран борап күйретіп,
Қарды қарға илетіп,
Адамдардан күй кетіп,
Көктем қашан келесін!
Құс әніне билетіп.**

4 «А» Сергибай Мағзұм
Сын. жет. А.М.Ақмағамбетова

Қыс

Мен қыс мезгілін ұнатамын. Қыстың өзіне тән ауа-райы болады. Мысалға айтатын болсақ, бір күні ызғарлы жел болса, келесі күні қатаған аяз болады, ал кейде күн жып-жылы болып, өзінің ауа-райымен қуантады. Қыс мезгілі өте қызықты. Біз далаға шығып, қармен ойнап, коньки теуіп және төбешіктен сырғанаймыз.

Қыстың мереке күндері көп. Ең басты мерекелеріміз Тәуелсіздік күні мен алғашқы президент күні. Бұл мерекелер ерекше дайындықпен тойланады. Өтіп кеткен жылда біздің сыныбымыз Тәуелсіздік күніне арнап мерекелік шара өткізді. Ол өте қызықты өтті деп ойлаймын. Сонымен қоса балалардың көптен күтетін Жаңа Жылымыз бар. Ол да біздің мектепте қызықты өтеді. Мен бұл жылы өткен жыл символы - доңыз болып, қойылымға қатыстым.

Қыста табиғат өте өзгереді. Жердің барлығын қалың қар басып, табиғат ұйқыға батады. Қыс мезгілі осындай.

4 «Ә» Көпжасар Аслан.
Сынып жетекшісі: А.Т.Қаймолла

Қыстың көрікті кездері

Қыстың өте көп көрікті кездері болады. Қыс-өте әдемі мезгіл. Қар жауғанда әлемге нұр түседі. Қыста ең бірінші түскен қар, өте әдемі болып көрінеді. Шатырлардың, ағаштардың үстінде аппақ қар жатады. Қыстың сұлу көрінісін әдемі суреттен көшіріп алғандай.

Аяз терезелерге ою салады. Ағаштар аппақ қарға оранып тұрады. Боран, аяздан кейінгі қар сондай ұлпұлдек болады. Жаңа жылға қарсы сауда үйлері, мектептер әп-әдемі безендіріледі. Қыста жаңа жыл болады. Жаңа жылда атылған отшашулар ерекше көңіл-күй сыйлайды. Қыста күн қысқарады, ал түн ұзарады. Қыс мезгілінде өте көп қуаныш болады. Жаздағы өзендер мен көлдер суықтан мұзға айналады. Сол мұздар бізге мұзайдын болады. Мұзайдында біз коньки теуіп үйренеміз. Боранның көмегімен жауған қарлар балаларға ойын алаңын жасауға ой салады. Қардан аққала жасаймыз. «Жаңа жыл өте көңілді өтсе, біздің де гимназиямыздың оқушылары көңілді болсын» деген менің жаңа жылғы тілегім болған.

Мен «№92 гимназияның» мұғалімдері мен оқушыларын жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

4 «Ә» Балташ Жаннұр
Сынып жетекшісі: А.Т.Қаймолла

Қыс

Қыс – мезгіл ішіндегі ең аппақ, ең ажарлы, ең сұлуы. Кең даланы ақ көрпеге орап, өзінің ызғарлы аязымен, боранды күндерімен, қар ұшқындарының әсемділігімен қаунтады. Қыстың ақ қаласы, қардың ұшқындағаны табаныңа жабысып, қытырлаған қардың дауысы құлағыңа жетеді. Қыстың аязы бетті қарыса да, тондырса да жанымызға бір жылулық әкеледі. Өзімнің қысқы демалысымды анам, екі қарындасыммен Атасу кентінде өткіздім. Достарыммен кездестім. Достарыммен шана, шаңғы, коньки тептік, үрілген бананға міндік. Омбы қарға көміліп, ауаған сайын қардың салқының де сезбей, қуанышты көңіл-күймен қыс табиғатынан тамаша әсер алдып, қыс мезгілінің есте қалар күнің бірі болды.

4 «А» Сырым Батыр

Сынып жетекшісі: А.М.Ақмағамбетова

Қыс

Қыс келді өзінің суығымен,
Қар жауған соң,
Болды дала ақ кілемдей.
Боран соқты реавтикті жылдамдықпен,
Боран тоқтап,
Басталып еді аяз.
Балалар аулаға шығалмай отыр үйде.
Далаға шықса аяз шымшып алады.

4 «А» Тастемір Заңғар
Сынып жетекшісі: А.М.Ақмағамбетова

Қыс

Қыстың желтоқсан жұлдызы. Қар көптен жауып, нағыз қыс болды. Күн әбден қысқарған. Күннің көзі көрінсе де жылынбайды. Өзенді, көлді мұз қаптап, жұрт үстімен жүре бастады. Қалың қардан шөптің басы көрінбейді. Қыс күні аяз күшті болып үскірік борандар да аз емес.

Орман қарайған, ішінде құстарды көре алмайсың, қоян күндіз жасырынып, түнде ғана жүгіріп жас ағаштарды кеміріп жүр. Иелері жылы қораға шөп салып бағып-қақса да, қысты күні үй хайуандарына да бапсыз.

Адамның өзі де суықтан қорғанып үй салып, жылы киім, үйлеріне от жағып, әрдайым жұмыстарына қала алмайды. Қысты күні жылқышыларға бек қиын: қандай суық борандарда күні-түні далада жүргені, қасқырдан бір қорқып, бораннан екі қорқып, бейшалаларға тіпті рақат жоқ. Жалтаң аяз көбінің беттерін қарыған. Шилі бет байғұстар желге де қарсы қарай алмайды.

Сабаққа мезгілімен жүретін баланың да ертеңгі аяз есінен көпке дейін шығатын емес.

4 «А» Тен Аделина
Сынып жетекшісі: А.М. Ақмағамбетова

Қыс

Қыс жыл мезгілдерінің арасындағы ең суық жыл мезгілі. Бірақ, соған қарамастан қыс маған қатты ұнайды. Өйткені қыс аппақ. Айналаның көрінісі тіпті керемет!

Қыстағы ойындарды айтсаңшы! Қалың қардан үңгір қазып, тығылыспақ ойнау, аққала жасау, төбеден төменге шамамен сырғанау, мұзайдында коньки тебу.

Қыстағы болатын мерекелер де маған керемет ұнайды. Алғаш президент күні, Тәуелсіздік күні, жаңа жыл. Жаңа жылды қарсы алу менің ең сүйікті мерекем. Бұл күні туған туыстар барлығы жиналады. Біздер асыр салып ойнап, Аяз атадан сыйлықтар алып мәз боламыз. 12:00 де Жаңа жылды қарсы алғаннан соң далаға шығып От шашу атамыз. Ойнаймыз. Мен қыс мезгілін қатты жақсы көремін!

4 «Ә» Кәмел Ділда
Сынып жетекшісі: А.Т.Қаймолла

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САҒАТ

Отбасының асқар шыңы – БЕЛСЕНДІ ӘКЕЛЕРІМІЗ гимназиямызда....!!!



Әке - жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әке - асқар шың, бақыттың алтын бағы. Осыған орай, бала мен әке арасындағы – өнегелі қарым-қатынасты дамыту, отбасындағы әкенің орны, тәрбиелеу ерекшеліктері бойынша тәжірибе алмасу, бала өмірінде әкенің рөлін күшейту мақсатында **«Менің әкем - ең жақсы адам»** тақырыбында психологиялық жұмыс өтіп, оған 3-ші сыныптың әкелері, әсіресе 3«Б» сынып әкелерінің шараға қатысудағы белсенділігі, жауапкершілігі жоғары деңгейдегі бағалауға ие.

Жұмыс барысында әкенің отбасын асыраушылық қамқорлығы ғана емес, оның мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі-өнегесі, оған қарап өсетін нысанасы екендігі және отбасындағы психологиялық ахуалдың дұрыс болу қажеттілігі айтылып, әкенің отбасында адамзатқа адам, қоғамға қызметкер, мемлекетке азамат тәрбиелеуде үлесінің маңыздылығы жөнінде тамаша ой бөлісу орын алды.

Маңыздысы, психологиялық жұмыс соңында әкелер отбасындағы тәрбиеге қатысты өзіндік ой-пікірлерімен бөлісіп, берілген кеңестердің тиімділігін, бала тәрбиесінде ой салатындығын айтып әсерлерімен және осындай шаралардың жиі ұйымдастырылу қажеттілігі жайлы ұсыныстарымен бөлісті.

Сөз соңында айтарым, әрине, ер азамат өзінің әкелік борышын ұмытпағанда, отбасымен сүйіспеншілікте тұрғанда, отбасындағы мәртебесі артып, бала жүрегіндегі орны айшықтала түспек...

Педагог-психолог: Д.К.Туякбаева



КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ


Аққала ғажайыптары



Гимназия кітапханасы «BOOKSTART» жоба аясында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, кез келген шараны кітаппен байластыра отырып, түрлі шаралар ұйымдастыруда. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында 4 «Б» сынып оқушыларымен Д.Бэсфордтың әдісі бойынша «Аққала ғажайыптары» атты АРТ-ТЕРАПИЯ ұйымдастырылды. Арт терапия дегеніміз бұл : тұлғаның кіреативті дамуы, шығармашылық жағдайының дамытуы, сурет арқылы жанның дамуы деген ұғымды білдіреді. Оқушыларымыз келген жаңа жыл кейіпкері тышқан жайлы мәліметтер алды, тышқан жайлы ертегі кітаптарымен таныс болды, сонымен қоса кітапханада арнайы жаңа жылға арналған бұрышындағы шыршаны, оқушыларымыз арт-терапия әдісін пайдалана отырып, жақсы көңіл күймен шырша ойыншықтарын, қар ұшқындарын әр оқушы өз қолдарымен бояп, шыршамызды әсем қылдырып безендіріп, шырша манайында фотоға түсіп, жақсы әсер алып, оқу жылының 2-і тоқсанның жақсы әсермен аяқтап, қысқы демалысқа оқуға ертегі кітаптар алды.

Кітапхана меңгерушісі Ф.Д.Абдугалиева





Меншік иесі: №92 ГИМНАЗИЯ»КММ Бас директоры Қ.Т.Сейтимбетова	Бас директордың шығармашыл ық жөніндегі орынбасары Ш.Ө.Алиева	Бас редактор Ф.Д.Абдугалиева Тілшілер Ж.С.Тлеубергенова	Көркемдеуші- дизайнер Б.К.Абылкаиров Жауапты хатшы Әбенев Бекнияз	Корректорлар «Kitaptime» мүшелері; 8 «Ә» сынып	Мекен - жайымыз Ерубаева 43А e-mail: <i>sch92@kargoo.kz</i> Байланыс телефондары: 8(72-12)47-92-39
--	---	--	--	--	---